

7. ТАҚЫРЫП. Мемлекеттің бюджеттік құрылышының құқықтық негіздері

Мемлекеттің қаржылық құрылышы қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің бір институты ретінде қарастырылады. Қаржылық құрылыш өзіне тән элементтерден тұрады. Олар: қаржылық жүйе, қаржылық органдардың құрылымы және қаржылық реттеу. Қаржы жүйесінің әрі Қазақстандағы бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету сияқты және т.б. қаржылық құқық нормаларында бекітілген принциптерге негізделіне отырып жүзеге асырылады.

Оз аяларына орай мемлекеттің қаржылық қызметінің:

- бюджеттік қызмет
- мемлекеттік валюталық қаржылық қызмет
- мемлекеттік қаржылық банктік қызмет
- мемлекеттік кредиттік қаржылық қызмет
- мемлекеттік қаржылық сақтандыру қызметі;
- мемлекеттік қаржылық шаруашылық қызметі
- салықтық қызмет
- Мемлекеттік инвестициялық қызмет
- Мемлекеттік қаржылық жоспарлау;
- Мемлекеттік қаржылық бақылау сияқты түлереі болады.

Қазақстан Республикасының қаржылық құрылышы ауқымындағы мемлекеттің қаржылық қызмет мемлекетті қорларды қалыптастыру мемлекеттік ақшалай қорларды бөлу және ақшалай қорларды пайдалануды ұйымдастыру тәрізді негізгі үш әдіс арқылы жүзеге асырылады.